

ӨОЖ 81'1

FTAXP 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.020>

**Ә.НҮРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ  
«АҚ» ПЕН «ҚАРА» ЖАЛПЫ АТАУЛАРЫ ТУЫНДАҒАН  
ТІРКЕСТЕРДІҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДА**

Серікбаева Ұ.Б.<sup>1</sup>, \*Советова З.С.<sup>2</sup>, Жүсіпова А.Ө.<sup>3</sup>, Ержанова Ж.Б.<sup>4</sup>

1, \* 2, 3, 4 Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Тіліміздегі түр-түс атаулары мен олардан туындаған жай және тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, салыстырмалы тіркестер, жұмбақтар) барлығын бір ғылыми еңбекте толық әрі кешенді түрде қарастырып шығу мүмкін емес. Осыған байланысты зерттеу барысында түр-түс әлеміндегі «ақ» және «қара» атауларына арнайы назар аударылып, олардың танымдық және тілдік табиғаты қарастырылды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «ақ» және «қара» түстерінің мағыналық реңктері мен қолданыс ерекшеліктерін анықтау. Аталған түстердің жеке қолданыстағы және тіркес құрамындағы қызметтерін талдау арқылы олардың ұлттық мәдениеттегі тарихи-әлеуметтік маңызын, этнолингвистикалық сипатын ашу көзделді.

Зерттеу барысында салыстыру, мәтіндердегі түр-түс атауларының құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – «ақ» және «қара» түр-түс атаулары мен олардан туындаған жай және тұрақты тіркестердің ауыспалы, метафоралық, символикалық және тұрмыстық мағыналарын жан-жақты ашып көрсетуінде. Бұл атаулардың танымдық табиғатын анықтау лексикалық жүйедегі мағыналық қабаттарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың кеңеюіне, рухани, мәдени және экономикалық байланыстардың дамуына байланысты тіл байлығын, соның ішінде түр-түс атаулары жүйесін де терең меңгерудің маңызы арта түсуде. Түр-түс атаулары қазақ тілінің көне және байырғы лексикалық қабатына жатады. Бұл атаулар мен тіркестерді өзге тілдерге (орыс, ағылшын, неміс және т.б.) оп-оңай аударуға келмейді. Сондықтан олардың астарындағы ұлттық салт-дәстүрлерді, наным-сенімдер мен дүниетанымдық ерекшеліктерді жетік білу қажеттілігі туындайды. Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін әдебиеттану, аударма теориясы мен практикасы, сондай-ақ түр-түс атауларына қатысы бар барлық салаларда қолдануға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** түр-түс атаулары, символдық мағына, ауыспалы мағына, номинативтік мағына, негізгі мағына, аударма, ақ, қара

### **Кіріспе**

Қазақ тілінің сөздік қорында ерекше орын алатын түр-түс атаулары саны жағынан көп болмаса да, мағыналық өрісі мен комбинаторлық қолданыс аясы кең. Бұл атаулар бір тілдің өз ішінде мыңдаған тұрақты және ауыспалы қолданыс үлгілерін қалыптастырады. Осы ерекшеліктеріне байланысты түр-түс лексикасы әлемнің барлық тілдерінде мағына байлығы мен қолданыс ауқымының кеңдігі тұрғысынан танылып, «түр-түс әлемі» деп аталатын ерекше тілдік қабат ретінде қарастырылады.

Зерттеудің алдына қойылған негізгі міндеттер – «ақ» және «қара» түстеріне байланысты атаулар мен олардың қатысуымен жасалған тіркестерді лингвомәдениеттанымдық аспектіде қарап, олардың орыс тіліне аударылу ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтау.

Өзімізді қоршаған табиғатты сан алуан түр-түстер – жалпы қоғамға өмір-тіршілігімізге ерекше сән беріп, көркейтіп тұратын құбылыстар. Егер біздің айналамыздағы жайқалып тұрған өсімдіктер, жүгерген аң, ұшқан құс, әр алуан заттар мен табиғи құбылыстар өзінің болмысына тән бояу-нақыштарымен көз тарта құлпырап тұрмай, бір түсті бояуымен солғын тартып тұрса, өмір-тіршілігіміз де сондай сүреңсіз, көңілсіз болар еді. Алайда, сол өмірді біз тек өзінің қызылды-жасылды бояуымен; мың құбылатын сан алуан түр-түсімен ғана көріп өскендігімізден бе, әйтеуір, олардың шынайы табиғатына әрқашан көз тоқтатып, көңіл аудара бермейтін сияқтымыз. Ал шынында дәл солай емес. Табиғаттағы бұл сан алуан түр-түс әлеміне ата-бабаларымыз ерекше мән беріп, ғасырлар бойы оларды іштей саралап, әрбір түр мен түске ат қойып, айдар тағып келгендігін көреміз. Соның нәтижесінде тілімізде жүздеген, тіпті мыңдаған түр-түс атаулары мен тіркестер дүниеге келді. Ол әрбір тілдің сөз байлығындағы өзіндік ерекшелігі мол үлкен салаға айналып отыр. Түр-түске қатысты лексика қазақ тілінің қазынасынан кең орын алып, тек түр-түстердің лексикалық мағынасына ғана қолданылып қоймай, жалпы көркемсөз қорына тән тілдің сипаттау, суреттеу, бейнелеу, әсірелеу, т.б. тәсілдері ретінде де кеңінен қолданылады.

Осы орайда қазақ тіліндегі сан алуан түр-түс атаулары мен олардан туындаған жай тіркестер мен тұрақты тіркестер әдебиетшілер мен тіл мамандарын көбірек қызықтырады және бұл салада біршама зерттеушілердің, атап айтқанда А.Н.Кононов [1], Ә.Қайдаров [2], Е.Қойшыбаев [3], Р.Н.Шойбеков [4], Ж.Манкеева [5], С.Сәтенова [6], Ө.Айтбаев [7], Л.Циртаутас [8], Н.А.Баскаков [9], З.Ж.Аухадиева [10] т.б. еңбектерінде сөз етілген. Оларда көбіне-көп түр-түс атаулары мен сөз тіркестерінің тілдік табиғаты мен ақын-жазушылардың қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері, шеберлігі сөз болып келеді. Әрине, бұлардың бәрі де ғылым үшін қажетті мәселелер. Алайда, қазақ тіліндегі түр-түске қатысты атаулар мен тіркестердің ана тіліміздегі күрделі де, көркем табиғатын, әсіресе,

олардың ауыспалы мағынасына өтіп, шектен шығып, шарықтап, асқақтап кететін ерекшеліктерін екінші бір тілге аударып, дәл де, дұрыс жеткізудің мәні өте зор. Аударма мәселесі – филологияға ортақ, әрі әдебиеттану мен лингвистика салаларына тән құбылыс. Бұл проблеманың да тіл тұрғысынан қарастырылуға тиісті өзіндік ерекшеліктері аз емес.

### Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық қарым-қатынастардың жанданып, рухани, мәдени және экономикалық байланыстардың кеңеюіне байланысты жалпы тілдік қорды ғана емес, түр-түс атаулары жүйесін де жан-жақты әрі терең меңгерудің практикалық маңызы ерекше. Түр-түс атаулары қазақ тілінің көне әрі байырғы лексикалық қабатына жатады. Бұл атаулар мен олардан туындайтын тіркестерді орыс, ағылшын, неміс тілдеріне сөзбе-сөз аудару көп жағдайда мүмкін емес. Сол үшін олардың мағыналық астарындағы салт-дәстүр, наным-сенім, дүниетаным сияқты ұлттық мәдени факторларды жетік білу қажет. Осыған байланысты «ақ» және «қара» түр-түс атауларын орыс тіліне аударылу үлгілерін қарастырдық.

Мақалада негізінен сипаттамалық, семантикалық талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Зерттеу барысында түр-түс атауларының туынды, ауыспалы, рәміздік, кәделі мағыналарының қалыптасу уәждерін айқындау мақсатында бұл атаулар ретроспективті бағытта талданып, этнолингвистикалық тұрғыдан зерделенді. Сонымен қатар қазақ және орыс тілдеріндегі баламалы бірліктерді салыстыру үшін салыстырмалы әдіс те пайдаланылды.

### Талқылау және нәтижелер

Біздің мақаламыз да осы проблеманың нақтылы бір мәселесіне ғана бағытталып отыр. Ол жалпы түр-түс атауларынан, ұғымдарынан туындаған тіркестердің ішінен тек **ақ** пен **қара** түстеріне қатысты тіркестердің Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» атты трилогиясының орысша аудармасындағы («Кровь и пот», Москва 1977) «өмірін» айқындау. Мақала тақырыбын осылайша тарылтып алуымыздың 2 түрлі себебі бар: *оның біріншісі* – әрбір жазушының түр-түс әлеміне деген өзіндік көзқарасы мен таңдау-талғамының болатындығына байланысты. Аталмыш жазушының, әсіресе, осы екі түсті **ақ** пен **қараны** ерекше ұнатып, жиі қолдануы болса, *екіншісі* – аударма тіліне тән ерекшеліктерді осы екі атау (түсінік) арқылы да анықтауға болатындығы [2, 45-56 бб.]

Шынында да, байқаған адамға (біз оны сандық-статистикалық тәсілмен анықтадық) кейбір жазушы өз шығармаларында, мәселен, *көк* түсті көбірек қолданса, енді бірі *қызыл* не *жасыл* түсті, ал үшіншісі *қоңыр*, *сұр* түстерді ұнатады екен. Оның себебі көркем шығарманың пафосына қалам шеберінің психологиясына, дүниетанымына, т.б. факторларға байланысты болса керек. Бұл, әрине, жеке мәселе. Дегенмен, біздің пайымдауымыз бойынша, жазушы Ә.Нұрпейісовтің **ақ** пен **қара** түстерін, өте күшті, әрі қарама-қарсы

(контрастивті), қанның екі түсі ретінде алма-кезек қолдануын табиғат пен қоғамдағы құбылыстарды ерекше «таңбалау» (суреттеу, бейнелеу) мақсатынан туындаған. Бұл екі түсті жиі қолданудың тағы бір сырын біз автордың (өзі байқамайтын) өзіндік сөз қолданыс ерекшелігіне, мәнеріне байланысты деп білеміз.

Мақаланың аталған мәселені осы бір қырынан қарастыруының тағы бір себебі көркем шығарма тіліндегі, әсіресе, тұрақты тіркестердің екінші бір тілге аударғандағы күй-жайы арнайы зерттелмесе, ешбір жанға, еш уақытта байқалмай кетуі мүмкін екен. Түпнұсқадан аударма барысында не түсті, нелер өзгеріп, нелер жаңарып жатқанын оларды салыстыра, салғастыра зерттемесе, тіпті екеуін (қазақшасы мен орысшасын) бірдей оқып шыққан адамға да (тіпті, автордың өзіне де) байқала бермейтін сияқты.

Міне, осы мақсатта біз басқа түр-түс атауларынан ерекше көп оқығанда көз сүріндіре беретін, *ақ* пен *қараға* қатысты тіркестерді орысша аудармасымен жолма-жол салыстыра қарастырып шықтық.

Бұларға тоқталмас бұрын бір-екі жалпы мәселенің бетін аша кетуді жөн көрдік.

Шығарманың үш томы бойынша *ақ*, *қара* ұғымдарына қатысты жеке атаулар мен жай және тұрақты тіркестердің (бұлардың ара жігін айыру кейде қиын. Сондықтан оларды бірге атап отырмыз) жалпы саны екі мың шамасында (қайталауымен бірге есептегенде). Бұлардың жартысынан аздауы *ақ* ұғымына, көпшілігі *қара* ұғымына жатады. *Ақ* пен *қара* түс атаулары өздерінің түр-түстік номинативтік мағынасынан басқа әртүрлі ***объектіге қатысты ауыспалы мағыналардан және іштей жіктелетін тақырыптық топтардан*** тұрады.

Мәселен, олар:

**1. Табиғат құбылыстарына байланысты:** *ақ бұлт, ақшуда түтін, ақ түтек, ақ тымық, ақ көбік, қара түнек, қара суық, қара кеш, қара дауыл*, т.б.;

**2. Жер-суға байланысты:** *ақ жота, ақ адыр, қара су, ақ кіршілдек құм, ақ шағыл, ақ су, қара топырақ, қара адыр, қара дала, қара жол, ақ шоқалақ*, т.б.; [3, 15-18 бб.]

**3. Өсімдік дүниесіне байланысты:** *ақселеу, ақкөде, қара орман, қара жусан*, т.б.;

**4. Жан-жануарларға байланысты:** *ақ желін, ақбақай, қара төбет, қара мөңке, қара мал, ақ арғымақ, қара тоқты, қара жал айғыр*, т.б.;

**5. Адамға байланысты:** *ақ пейіл, ақ тоқал, ақ білек, ақ сеңсең бөрік, қара сирақ, қара қатын, ақ езулену, ақ иек, қара сақал*, т.б.;

**6. Қоғамға байланысты:** *ақ шатыр, ақ ту, ақ отау, ақ патша, ақ сүйек, қара жылым*, т.б. [4, 171-174 бб.];

**7. Абстрактілі мағына және іс-әрекетке байланысты:** *ақ бота, ақ неке, таң ағараңдауы, ақ буырлану, ақ жол, қара байланғыр, қас қараю, қара көріну* т.б.

Көркем шығарма тілі мен оның мазмұнын терең түсініп, одан өзіне рухани ләззат алу үшін де, әсіресе, оны екінші бір тілге көркемдік сипатын, экспрессивті-эмоционалды мәнін солғындатпай аударып бере білу үшін де, жалпы түр-түс әлемінің табиғатын, олардың нақты номинативті мағыналарын да терең түсінген жөн. Ол мағыналар түр-түстердің жай атауларына да, олардан туындаған жай және тұрақты тіркестерге де тән.

Осыған байланысты ескерте кететін бір жағдай: біз қарастырып отырған *ақ* пен *қара* атаулары бір емес, бірнеше қосымша, ауыспалы мағыналарға ие болатындығын айқын көреміз. Мәселен, *ақ* түс атауының қазақ тілінде ең аз дегенде гоногенді сипатқа ие бес және алты қосымша мағынасы бар екен. Олар:

**Бірінші** *ақ* – қара түске қарама-қарсы түс (негізгі мағына);

**Екінші** *ақ* – сүт тағамдары;

**Үшінші** *ақ* – індет ауырынан кейін малдың (қой, ешкі, сиыр) сүт азайып, желіні тартылатын ауру;

**Төртінші** *ақ* – таза, пәк: қылмыстан аулақ, күнәсіз (адам);

*Қара* түске тоқталсақ:

**Бірінші** *қара* – *ақ* түске қарама-қарсы түс (бұл негізгі мағына);

**Екінші** *қара* – адамдарға тән таза, пәк, күнәсіз қасиеттерге кері мағынасы (*ақ-қарасын* айыру);

**Үшінші** *қара* – ханның қол астындағы қарапайым халық, әлеуметтік топ. Мысалы: Ақылды сөзді хан да айтады, *қара* да айтады;

**Төртінші** – ірі қара мал (сиыр, жылқы, түйе);

**Бесінші** – қарауытып көрінген заттың сұлбасы. Мәселен, Алыстан бір *қараны* көресің бе? – Жаны жоқ қимылдауға сенесің бе?;

**Алтыншы** – жын шайтан, қасиетсіз мақұлақтардың бір түрі, мысалы: *қара басу*, т.б.

«Ақ», «қара» атауларының бұлардан басқа да, мәселен, бағыт-бағдарды (оңтүстік, солтүстік), жер бедерін, адамның, т.б. қосымша мағыналары да аз емес.

Жалпы түр-түс, оның ішінде *ақ* пен *қара* атауларына тән ұғымдар бұлармен ғана шектелмейді. Көркем шығарма контексіне, жазушының сөз саптау ерекшелігіне қарай *ақ* пен *қара* атаулары суреттеудің қарама-қарсы қою (контрастивті) тәсілі ретінде, мәселен, *адалдық* пен *арамдықты*, *жақсылық* пен *жамандықты*, *аңқаулық* пен *қараулықты*, *жосмарттық* пен *сараңдықты* сияқты ұғымдарды да аңғартады екен [5, 53 б.].

Бұлардан басқа *ақ* пен *қара* атауларынан туындаған және олардың қатысымен жасалған, мәселен, *ақшыл*, *аққұба*, *аппақ*, *аққаймақтану*, *ақ көбіктену*, *қара құрым*, *қаралау*, *қара-құра*, т.б. осы сияқты мысалдар да баршылық. Олар да орысшаға аударалады.

Міне, осы ерекшеліктер мен тілдік фактілерді аударма процесінде ескермеген жағдайда, шығарма нұсқасы мен оның аудармасы арасында алшақтық пен үйлесімсіздік болған.

Әрине, оның неше түрлі себептері де бар. Қазақ тілі мен орыс тілінің табиғаты басқа-басқа болғандықтан, жеке-дара түр-түс атауларын дәлме-дәл аударуға болғанымен, бірақ сол атаулар негізінде жасалған сөз тіркестерді бәрі бірдей сөзбе-сөз аударыла бермейді. Өйткені олар көбіне-көп ауыспалы мағынасында қолданылады. Және оның астарында ұлттық дүниетаным (менталитет), халықтың салт-дәстүріне байланысты мотивтер жатады, этнолингвистикалық ұғымдар мен әртүрлі эмоционалды-экспрессивті бояу-нақыштар болады. Түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкес баламалар мен сәйкессіздіктің бір байқалатын жері осы жағдайға байланысты. Мұндай жағдай біз зерттеп отырған шығармада да жоқ емес. Олар әртүрлі: кейбір аудармалар түпнұсқамен дәл түсіп жатса, енді біреулері қазақшасынан күшейіп, артық түсіп, не солғын тартып, кем түсіп жатса, тағы біреулері мүлдем көрінбей қалады екен [6, 90-96 бб.].

Міне, осы ерекшеліктерге байланысты *ақ* пен *қара* түр-түс атаулары мен олардан туындаған тіркестердің орысша аударма-баламаларын шартты түрде болса да, үш топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік. Олар:

*Бірінші* – мағынасы мен құрамы *дәлме-дәл баламалар*;

*Екінші* – түпнұсқамен мағына және сөз өрнегі жағынан бірде артық, бірде кем түсіп жататын *шамалас баламалар*;

*Үшінші* – түпнұсқадағы түр-түс атаулары мен тіркестердің аударма тілінде мүлдем *жоголып кетуі*.

Енді осы айтылғандарды нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

*Бірінші топқа* жататын *дәлме-дәл* (адекватты) *баламаларға* көбіне-көп «ақ» пен «қара» түр-түстерінің тура мағынасындағы атаулары мен олардан туындаған анықтауышты (атрибутивті) жай тіркестер жатады.

Мысалдар: Генерал Чернов бұларды үлкен *ақ үйдің* алдында күтіп тұр [11, 1 том, 630 б]. – Генерал Чернов поджидал их возле большого *белого дома* [12, том 3, с. 558]. (Шығарманың қазақша және орысша нұскасынан келтірілген мысалдардан соң жақша ішінде үш кітаптың мысал алынған томдары мен беттері көрсетіліп отырылады).

Үйдің қабырғаларын *ақ балишықпен* майлап шықты [11, 3 том, 587 б]. – «Обмазал *белой глиной* и выбелил стены дома» [12, том 3, с. 520].

Кешке қарай құбыла жақтан *қара дауыл* көтеріледі... [11, 1 том, 129 б) – К вечеру с запада пришла *черная буря* [12, том 1, с. 119].

*Ақ сәлделі* кәрия асасын ашулана көтеріп алды [11, 1 том, 238 б]. – «*В белой чалме* старик гневно поднял посох» [12, том 1, с. 215]. т.б.

Бұлардың барлығын біз дәлме-дәл балама деп есептедік және бұл тәрізді мысалдар өте көп. Оларға контекстен бөліп алғанда мыналар жатады: *аққұба келіншек* [11, 3 том, 527 б] – *белолицая казашка* [12, том 3, с. 465]; *ақ патша* [11, 1 том, 172 б] – *белый царь*, [12, том 1, с. 161]; *ақ кірпік* [11, 3 том, 625 б] – *белые ресницы* [12, том 3, с. 554] т.б.

Осы топтағы дәлме-дәл аудармалар санатына орыс тілінің өзіндік (ұғым, мағына, түсінік, т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, мына төмендегі баламаларды да жатқызуға болады. Мысалы: Танауына топырақ толған *қара ат* әрі-беріден кейін қос бүйірін соғып, ырсылдап берді [11, 3 том,

756 б]. – «Наглотавшись пыли, забив ноздри *вороной* начал уже задыхаться и тяжело дышать боками» [12, 3 том, с. 682]. Бұл арада «қара ат» тіркесін «вороной конь» деуге де болатын еді. Бірақ *конь* айтылмаса да *қара ат* мағынасы көп өзгере қоймайды.

Дәл осы сияқты, орыс тілінің ыңғайына қарай *ақ ауыз атан* [11, 3 том, 622 б] – *одногорбый верблюд с белой мордой* [12, том 3, с. 531], *ақтабан ат* [11, 3 том, 676 бет] – *белоногий конь* [12, 3 том, с. 601] түрінде берілген. Бұл ұғымдарды орыс оқырмандарына басқаша айтып жеткізу мүмкін емес сияқты, мүмкін болса да ол көркемдік жағынан солғындай түскен болар еді.

Шынында да, қазақ ұғымындағы *қара жусан* [11, 3 том, 225 б], *Ақшұнақ шал* [11, 2 том, 199 б], *ақ езу толқын* [11, 3 том, 781 б] сияқты түр-түс тіркестерінің *сухая полынь* [12, том 1, с. 203], *белобрысый старица* [12, том 2, с. 263], *белопенная волна* [12, том 3, с. 706] сияқты баламаларынан аударылуына дұрыс деп есептеуге болады.

Айта кету керек: кейбір түр-түске қатысты тіркестердің түпнұсқаға сәйкес аударылуының бір себебі – олардың құрамында қазақша жалпы түрікше сөздің аударылмай, сол қалпында қайталауына. Оларға, мысалы: *тоқал* (тоқал), *аксакал* (ақсақал), *арғымак* (арғымақ), *шатер* (шатыр), т.б. осы сияқты орыс тілінде бұрыннан-ақ бар, не аудару үстінде енгізілген тура мағынасында қолданылған сөздер жатады [2, 57-60 бб.]:

Мысалдар: *ақ ату* [11, 2 том, 372 б] – *белое знамя*, *ақ күйке бас* [11, 2 том, 385 б] – *сивая голова* [12, том 2, с. 355], *ақ биенің сүті* [11, 1 том, 258 б] – *молоко белой кобылицы* [12, том 1, с. 215], *ақ сәлде* [11, 1 том, 258 б] – *белая чалма* [12, том 1, с. 215] т.б.

*Екінші топқа* түпнұсқадан бірде асып, бірде кем түсіп жататын *шамалас баламалар* енеді. Олар да құрылымы мен мағына дәлдігі және көркемдік жағы әр алуан. Және бұлардың бәрін орысша аударманың түпнұсқадан әртүрлі деңгейдегі ауытқуы деп түсіндіреміз. Басқаша айтқанда, бұл – балама тіркес құрамының бірде кеңейе түсуі, бірде тым қысқарып кетуі, бірде үстеме мағынаға, мағына реңкіне ие болып күшеюі де, бірде көркемдігі төмендеп, түсінік-ұғымының солғындай түсуі.

Енді, осыларды мысалдар арқылы дәлдеп көрейік.

Мысалы: Біраз інгеннің *ақ үрпіленіп қалған желінін* ұстап көрді [11, 3 том, 736 б] – «Он с наслаждением ощупал ее *набухшее все в белых пупырышках вымя*» [12, том 3, с. 662]. Біріншіден, бұл аудармада дәлсіздік және басы артық суреттеу байқалады: шығарма «кейіпкері» бір емес, бірнеше інген болу керек еді. Түпнұсқадан інген желінін жай ғана ұстап көрсе, аудармада оны *рахаттана, мейірлене* (с наслаждением) ұстайды. Екіншіден, *ақ үрпіленіп қалған желін* тіркесі орыс тілді оқырманның түсінігіне ыңғайланып, суреттеу (описательный) тәсілімен «*набухшее все в белых пупырышках вымя*» көп сөз арқылы аударылған.

Түпнұсқа мазмұнына бәлендей нұқсан келіп тұрмағандықтан, бұл тәрізді аударманы, кейбір артық-кеміне қарамай, «сәйкес баламасына» жатқызуға болады.

Мысал. Сол өңір түп-тұтас *ақ шиге қақалып, тұнып тұратын* [11, 3 том, 314 б] – Те места прямо *задыхались, бывало, от белого, поющего под ветром, чия ...* [12, том 3, с. 337].

Көріп отырғанымыздай, бұл мысалда да аудармашы өзі сөз қосып, шығармашылық еркіндікке жол берілген: *ақ ши – белый чи* түрінде дәлме-дәл алынып, оны тағы да, *поющий под ветром* деп әсірелеп көрсетеді. Бұдан әріне, шығарма мазмұнына нұқсан келіп тұрған жоқ, қайта көркемделе түскен сияқты. «Түпнұсқадан асыра суреттеу» деп біз осыны айтып отырмыз [13, 30-32 бб].

Мысалы: Одан арғы жер қата қоймаған *шалқыған қара су* [11, 1 том, 58 б]. – До самого горизонта простиралась *темная мохнатая вода* [12, том 1, с. 57].

Мұнда да «одан арғы жерді» «до самого горизонта» деп түсінсек, *қата қоймаған* деген судың бұл анықтамасы түсіп қалған. Ал *шалқыған қара су* анықтауышты тіркес *темная лохматая вода* болып тұр. Бұдан жалпы, мағына-түсінікке бәлдендей нұқсан келіп тұрған жоқ. Бірақ дәлме-дәл балама деп те айтуға да болмайтын сияқты. Осы сөйлемді: «*А дальше за пределами образовавшихся льдин до самого горизонта раскинулась бушевавшая темная вода*» деп аударуға да болатын еді.

Мысалы: Ақбаланың аты аталған *күн қаққан қара сұр беті дуылдап кетті* [11, 3 том, 719 б]. – Когда он услышал имя Акбалы *поветренное лицо* его вспыхнуло [12, том 3, с. 645]. Мұнда да балама мағынасы дәлме-дәл, яғни толық емес. Жел қаққан беттің бәрі «қара сұр» бола бермейді. Сондықтан да «поветренное лицо» қазақшадағы «жел қаққан қара сұр» бетті толық сипаттап тұрған жоқ. Оны *поветренное темно-серое лицо* десе, дұрыс болатын сияқты.

Қысқасы, бұл аудармада да белгілі дәрежедегі ауытқу бар деп есептейміз.

Тағы да бір мысал: Қысқа мал сойып, бір үйдің *аузынан ақ майын ағызып* қояр ма еді... [11, 1 том, 208 б] – «*Зарезать бы к зиме скотище, весь дом утопал бы в жиру...*» [12, том 1, с. 188]. Мұнда да, көріп тұрғанымыздай, «аузынан ақ май ағызу» деген қазақы ұғым «утопить в жиру» [12, 97 б.] болып, орысшаланып тұр, мағынасында ауытқу бар және дәл емес.

Егер бұл мысалда аударма түпнұсқадан кем түсіп жатса, төмендегі мына мысалда еселене күшейіп, мағынасы кеңейе түскен сияқты: бес аршын жаулықты қарқарадай етіп тартып, *ақ інгенге* алшая мініп алғанымда... [11, 1 том, 197 б] – «*Пятиаршинный белый, как снег, жаулық, возвышался на мне, когда я восседала на белой верблюдице...*» [12, 1 том, с. 179]. Түпнұсқадағы «*бес аршын жаулық*» аударма пятиаршинный «*белый, как снег, жаулық*» болып күшейіп тұр [8, 20-23 бб.].

Мұндай мысалдар шығарма аудармасында көптеп кездеседі. Олардың біразын енді, мақала көлемін үнемдеу үшін, контекстен бөліп алып көрсетейік: *ұрынуға қара таппау* [11, 1 том, 128 б] – *ненавидела все* [12, том 1, с. 119]; *кіші қара тоқты* [11, 1 том, 83 б] – *валух* [12, том 1, с. 78]; *қара табан болу* [11, 1 том 137 б] – *встать на ноги* [12, том 1, с. 126]; *ақ*

*көкірек* [11, 3 том, 641 б] – *крайне вспыльчивый и не воздержанный* [12, том 3, с. 571]; *ақ некелі төсек* [11, 3 том, 618 б] – *супружеское ложе* [12, том 3]; *терезе әйнегі ақсүттеніп тұр* [11, 3 том, 588 б] – *окошко будто купалось в молоке* [12, том 3, с. 521] – *ата-баба ақ жолы* [11, 3 том, 572 б] – *святость древних обычаев* [12, том 3, с. 507]; *қара тошқыл түтін* [11, 3 том, 662 б] – *зловещий черный дым* [12, том 3, 589 с.]; *қара халық* [11, 3 том, 632 б] – *темный народ* т.б. [12, том 3, с. 556] т.б.

Бұл тәрізді мысалдардың санын көбейте беруге болады. Алайда, осы келтірілгендердің өзінен де екі топқа жатқызып отырған сәйкес баламалардың дәлме-дәл баламалардан әлдеқайда көп, әрі сан алуан екендігін көруге әбден болады.

Бұларды «сәйкес балама» деп атауымыздың тағы бір себебі: біз қарастырып отырған түр-түске *ақ* пен *қараға* қатысты тіркестердің аударма тілінен мүлдем жоғалып кетпей, дәл болмаса да, түпнұсқа мағынасына сәйкес келетін, жанама түрде болса да, сол ұғымды сипаттайтын ерекшеліктеріне байланысты [6, 93 б.].

Үшінші топқа түпнұсқадағы түр-түс атаулары мен тіркестердің аударма тіліне із-түзсіз *мүлдем жоғалып кету* фактісін ғана жатқызуға болады. Бұл фактінің жүз беруінің де себептері де әр алуан. Оларды мысалдар арқылы түсіндіріп көрейік.

Мысалы: Жануар *қара құлақтанып қалған* ботасын іздеп, мазасызданды-ау [11, 3 том, 609 б]. – *Рыжая верблюдица утробно постанывала ..., тоскуя по своему верблюжонку* [12, том 3, с. 539]. Қарамен терілген тіркес аудармада мүлдем жоқ. Себебі аудармашы ботаның *қара құлақтану* мезгілін түсіндіруден қашқан.

Мысалы: Бұл *қара нар* Науан ағамның көзін көрген ата малы емес пе еді... *қара шаңырақтан қара ырысы еді ғой* [11, 3 том, 737 б]. – *Эта черная верблюдица – священная скотина того аула ... особая животина* [12, том 3, с. 663] осы сөйлемдегі – *қара нар, қара шаңырақ, қара ырыс* үшеуінің біреуі (*қара нар*) бар да, екеуі аудармада жоқ. Біз мақаламыздың басында көрсеткен *қара* түр-түс атауының әртүрлі түр-түстен басқа мағыналарының бірі – *қасиетті, киелі, көне, берекелі*, т.б. мағыналар. Басқасының жөні бір бөлек, бірақ *қара шаңырақтың* мәтіннен із-түзсіз түсіп қалуы, әрине, аударма мазмұнына нұқсан келтіруі сөзсіз. Ол сөзбе-сөз аударылса, орыс оқырмандарына түсініксіз болуы мүмкін. Бірақ сөйлемді былайша аударуға болатын сияқты:

*Эта черная верблюдица была же скотиной наших дедов еще при жизни нашего старшего брата Науана, священной скотиной почитаемого обиталища наших предков унаследованного его достойными потомками.*

Әрине, бұл аударма ұзақтау, әрі шұбалаңқы болып көрінуі мүмкін. Бірақ автор шеберлігімен суреттеген ұлттық болмысымыздың, нағыз қазақы өміріміздің шынайы көрінісін, дүниетанымына осылай көрсету де қажет сияқты [14, 35 б.].

Тізе берсек, орны осылайша, ойдым-ойдым болып ойсырап бос қалған, түпнұсқамен салыстыра оқымаған адам ешқашан да іздеп, жоқтау

салмайтын інжу-маржандар аудармада көп-ақ. Оларды біз тек қана «**ақ**», «**қара**» түстерден туындаған тіркестер бойынша ғана қарастырдық. Бұлардың өздері де әр алуан: аудармадан біреулері мүлдем түсіп қалса, енді біреулері нұсқасы келмесе де, «орнын басар» белгілер қалдыруы мүмкін [7, 25-30 бб.].

Мысалы: *Қара борбай кедейлер* [11, 3 том, 785 б] тіркесінен аудармада *все люди* [12, том 3, с. 700] деп салған. Айырмашылығы жер мен көктей. Ал, енді дәл осы тәрізді тіркестер – *қара сирақ кедейлер және нәсілі жаман көргенсіз иттер* [11, 3 том, 576 б] шығарманың екінші бір жерінде *голозадые наглецы, низкородные собаки* түрінде берілген.

Тағы бір-екі мысал: *қарасы үзілгенше* тіркесі [11, 3 том, 550 б] орысша *пока не исчез, пока не удалился из поля зрения* болу керек еді: бірақ ол мәтінде [12, том 3, с. 487] жоқ. *Қара сіңір кісілер* [11, 3 том, 566 б] тіркесі де орнында [12, 3 том, с. 561] жоқ. *Қара борбай балықшы* [11, 1 том, 217 б] тіркесін *рыбак* [12, том 1, с. 196] деп алған. Ол *рыбак «голодранице»* болу керек еді. *Ертеден қара кешке дейін* [11, 3 том, 796 б] тіркесі *с утра до самой поздней ночи* болу керек еді, ол мәтінде [12, 3 том, с. 720] жоқ т.б. Бұл тәрізді фактілерді де көптеп келтіруге болады.

### Қорытынды

Қорыта келгенде айтарымыз: аударма – екі халықарасын жақындататын алтын көпір, сондықтан да аударманың, әсіресе, көркем аударманың мәдени рухани өмірімізде алатын орны зор. Алайда, біз аударманың сапасына көп мән бере бермейміз, оларды өзара салыстыра зерттеп, нақтылы шығарма бойынша, тіпті, нақтылы бір тіл категориясы бойынша баға беру дәстүрі жоқ. Осыған орай, біз белгілі халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» («Кровь и пот») трилогиясының аударма тіліндегі тек «**ақ**» пен «**қара**» түстеріне қатысты тіркестерді салыстыра отырып, олардың орыс тілінде дәлме-дәл және сәйкес баламаларының сондай-ақ баламасыз да түрлерінің болатындығын анықтадық. Жалпы, аударма теориясы мен тіл фактісі тұрғысынан бұл құбылыстың табиғаты өте қызық және тереңірек зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Кононов А.Н. О семантике слов «қара» и «ақ» в тюркской географической терминологии // Изв. АН Тадж.ССР, отд. Общ. Наук, вып.5, 1954. – 83 с.

[2] Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992. – 160 б.

[3] Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. Сөздік. – Алматы, 1985. – 256 б.

[4] Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993. 168, 171-174 бб.

[5] Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. – Алматы, 1997. – 53 б.

[6] Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағамды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол. ғыл. д-ры дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. – 97 б.

[7] Айтбаев У. Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений А.М.Горького на казахский язык. Автореферат дисс. канд. филол. наук – Алматы, 1971. – 35 с.

[8] Лауде – Циртаутас – Laude – Cirtautas. Der Gebrauch der forbbzeichnun.ger in den Turdialekten. Wiesbaden. 1961. P. 46.

[9] Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении этнонима «кыргыз» // Советская этнография. – 1964. – № 2. – 93 с.

[10] Аухадиева З.Ж., Есенова Ә.М., Кекилбаева Ж.Е., Нурпейісова Г.М. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының денотативті және құрылымдық сипаты // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – № 4 (75). – Б. 58-74. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.004>

[11] Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1972. 1-3 том.

[12] Нурпейісов А.К., Кровь и пот: Трилогия. Пер с каз. – М.: Советский писатель, 1977. –1-3 том.

[13] Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1986. – 96 б.

[14] Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник. – М., 1975. – 149 с.

## REFERENCES

[1] Kononov A.N. O semantike slov «qara» i «aq» v türkskoi geograficheskoi terminologii [On the Semantics of the Words ‘qara’ and ‘aq’ in Turkic Geographical Terminology] // İzv. AN Taj.SSR, otd. Obş. Nauk, vyp.5, 1954. – 83 s. [in Rus.]

[2] Qaidarov Ä., Ahtamberdieva Z., Ömirbekov B. Tür-tüsterdiñ tildegi körınısı [The Linguistic Representation of Colors]. –Almaty, 1992. – 160 b. [in Kaz.]

[3] Qoişybaev E. Qazaqstannyñ jer-su attary. Sözdık [Toponyms and Hydronyms of Kazakhstan: A Dictionary]. – Almaty, 1985. – 256 b. [in Kaz.]

[4] Şoibekov R.N. Qazaq zergerlık öneriniñ leksikasy [The Lexicon of Kazakh Jewelry Art]. – Almaty, 1993. – B.168, 171-174. [in Kaz.]

[5] Mankeeva J.A. Qazaq tiliniñ zattyq mädeniet leksikasy [The Lexicon of Material Culture in the Kazakh Language]. – Almaty, 1997. – 53 b. [in Kaz.]

[6] Satenova S.K. Qazaq tilindegi qos tağamdy frazeologizmderdıñ tıldık jäne poetikalyq tabiğaty [The Linguistic and Poetic Nature of Binary (Paired) Idioms in the Kazakh Language]: filol. ğyl. d-ry diss. avtoreferaty. – Almaty, 1997. – 97 b. [in Kaz.]

[7] Aitbaev U. Spособы peredachi frazeologizmov v perevodah proizvedeni A.M.Görkogo na kazahski iazyk [Methods of Translating Phraseological Units in

the Kazakh Translations of A. M. Gorky's Works]: avtoreferat diss. kand. filol. nauk – Almaty, 1971. – 35 s. [in Rus.]

[8] Laude – Sirtautas – Laude – Cirtautas. Der Gebrauch der farbbezeichnung in den Turdialekten. Wiesbaden, 1961. – 46 S.

[9] Baskakov N.A. K voprosu o proishojdenii etnonima «kyrgyz» [On the Origin of the Ethnonym 'Kyrgyz'] // Sovetskaia etnografia, – 1964. – № 2. – 93 s. [in Rus.]

[10] Auhadieva Z.J., Esenova E.M., Kekilbaeva J.E., Nurpeisova G.M. Aǵylsyn jáne qazaq tilderindegi tür-tüs ataularynyñ denotativtı jáne qūrylymdyq sipaty [Denotative and Structural Characteristics of Color Nomenclature in English and Kazakh] // Abylai han atyndaǵy QazHQ jáne ÁTU Habarşysy «Filologia ǵylymdary» seriasy. – 2024. – № 4 (75). – B.58-74. [in Kaz.] <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.004>

[11] Nūrpeisov Ä. Qan men ter. Trilogia [Blood and Sweat: A Trilogy]. – Almaty: «Jazuşy» baspasy, 1972. 1-3 tom. [in Kaz.]

[12] Nurpeisov A.K., Kröv i pot: Trilogia [Blood and Sweat: A Trilogy] transl.s kaz. – M.: Sovetski pisatel, 1977. –1-3 tom. [in Rus.]

[13] Qaidarov Ä., Ahtamberdieva Z., Ömirbekov B. Syrǵa toly tür men түs [Colors and Shades Full of Meaning]. – Almaty, 1986. – 96 b. [in Kaz.]

[14] Kononov A.N. Semantika svetooboznachenı v türkskih iazykah [The Semantics of Light Designation in Turkic Languages] // Türkologicheski sbornik. – M., 1975. – 149 s. [in Rus.]

## О ПЕРЕВОДЕ ЗНАЧЕНИЙ «АҚ» ( БЕЛЫЙ) И «ҚАРА» (ЧЕРНЫЙ) В ТРИЛОГИИ А.НУРПЕЙСОВА «КРОВЬ И ПОТ»

Серикбаева У.Б.<sup>1</sup>, \*Советова З.С.<sup>2</sup>, Жусупова А.У.<sup>3</sup>, Ержанова Ж.Б.<sup>4</sup>

<sup>1, \*2, 3,4</sup> Алматинский университет энергетики и связи имени

Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Основной целью научной статьи является рассмотрение вопроса этнолингвистической природы цветообозначений «ақ» и «қара» в казахском языке и перевода их на другие языки, в частности на русский язык.

Углубляясь в природу всего многообразия названий в языке и возникающих из них простых и устойчивых (фразеологизм, относительная фраза, загадка, пословица) выражений, относящихся к цветовому миру, в масштабах одного исследования, конечно, невозможно. Поэтому мы решили выделить в нашем объекте исследования только «белый» и «черный» цвета в зависимости от «цветового мира», посвятить их этим двум и рассмотреть их когнитивную природу.

Основная цель исследовательской работы – выявление семантических оттенков и особенности использования *белого* и *черного* цветов. Путем анализа функций этих цветов в употреблении и составе фразеологизмов предполагалось выявить их национально-культурное, историческое и социальное значение, а также их этнолингвистическую природу.

В ходе исследования были использованы методы сравнения, анализа структурных особенностей названий видов и цветов в текстах.

Теоретическая значимость данного исследования заключается в том, что «белые» и «черные» раскрывают чередующиеся, символические, метафорические, изменчивые значения названий видов и возникающих из них простых и устойчивых выражений, а также в необходимости практического процесса обучения, анализа текста, лексикографического опыта и т.д., а также в необходимости написания словарей.

В частности, на сегодняшний день, в период возрождения международных отношений и развития духовных, культурных и экономических связей, наряду с общим словом, имеет большое практическое значение всестороннее глубокое знание мира названий видов. Так как это явление относится к древнейшему и древнейшему лексическому фонду казахского языка. Невозможно сразу переводить их все на другие языки (русский, английский, немецкий) и т.д. Поэтому мы решили выделить в нашем объекте исследования только слова «белый» и «черный», обозначающие цвета в составе устойчивых сочетаний, и изучить их когнитивную природу. Практическая значимость научной работы заключается в том, что она позволяет использовать результаты исследования во всех областях, связанных с литературоведением, теорией и практикой перевода, а также с названиями видов и цветов.

**Ключевые слова:** названия видов и цветов, символическое значение, переносное значение, номинативное значение, основное значение, перевод, черное, белое

## ABOUT THE TRANSLATION OF THE MEANINGS «WHITE» AND «BLACK» IN A. NURPEISOV'S TRILOGY «BLOOD AND SWEAT»

Serikbayeva U.B.<sup>1</sup>, \* Sovetova Z.S.<sup>2</sup>, Zhussupova A.U.<sup>3</sup>, Erzhanova Zh.B.<sup>4</sup>

<sup>1,\*2,3,4</sup> Almaty University of Power Engineering and Telecommunications  
named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Going deeper into the nature of the entire variety of names in the language and the simple and stable expressions that arise from them (phraseology, relative phrase, riddle, proverb) related to the color world is, of course, impossible on the scale of a single study. Therefore, we decided to single out only «white» and «black» colors in our object of study, depending on the «color world», devote them to these two and consider their cognitive nature.

The general purpose of the work is to identify the traditions of use and word-formation techniques of the names «white» and «black», which have a wide range of applications, rich in semantic overtones, with a predominance of connotative meaning both in a single form and as part of phrases, thereby defining their lexical fund. and of an ethnolinguistic nature in National historical and cultural terms.

In the course of the research, methods of comparison and analysis of the structural features of the names of species and colors in the texts were used.

The theoretical significance of this study lies in the fact that «white» and «black» reveal alternating, symbolic, metaphorical, changeable meanings of species names and the simple and stable expressions that arise from them, as well as the need for a practical learning process, text analysis, lexicographic experience, etc., as well as the need to write dictionaries.

In particular, today, in the period of the revival of international relations and the development of spiritual, cultural and economic ties, along with a common word, a comprehensive in-depth knowledge of the world of species names is of great practical importance. Since this phenomenon belongs to the oldest and most ancient lexical fund of the Kazakh language. I don't want to immediately translate them all into other languages Russian, English, German, etc. To do this, it is necessary to know perfectly such national factors as traditions, customs, beliefs, and the worldview underlying these names and expressions that determine their motivational essence. The practical significance of scientific work lies in the fact that it allows you to use the results of research in all areas related to literary criticism, theory and practice of translation, as well as with the names of species and colors.

**Keywords:** names of species and color's, symbolic meaning, figurative meaning, nominal meaning, main meaning, translation, white, black

*Мақала түсті: 28 қазан 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Серікбаева Ұлжамия Бибатырқызы – филология ғылымдардың кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: serikbayeva46@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-7878-6214>

Советова Зәуре Советқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: zaure.sovetova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4085-7960>

Жүсіпова Ақбота Өтепбергекқызы – PhD, қауымдастырылған профессор, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhussupova.akb@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7228-2965>

Ержанова Жанна Борисовна – аға оқытушы, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.erzhanova@au.es.kz, <https://orcid.org/0009-0001-8710-0121>

***Информация об авторах:***

Серікбаева Улжамия Бибатыровна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, email: serikbayeva46@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-7878-6214>

Советова Зауре Советовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, e-mail: zaure.sovetova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4085-7960>

Жусупова Акбота Утепбергеновна – PhD, ассоциированный профессор, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, e-mail: zhussupova.@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7228-2965>

Ержанова Жанна Борисовна – старший преподаватель Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, e-mail: zh.erzhanova@aes.kz, <https://orcid.org/0009-0001-8710-0121>

***Information about the authors:***

Serikbayeva Ulzhamilya Bibatyrovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan, e-mail: serikbayeva46@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-7878-6214>

Sovetova Zauze Sovetovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zaure.sovetova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4085-7960>

Zhussupova Akbota Utepbergenovna – PhD, Associate Professor, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhussupova.akb@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7228-2965>

Yerzhanova Zhanna Borisovna – Senior lecturer, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.erzhanova@aes.kz, <https://orcid.org/0009-0001-8710-0121>